

«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сі бойынша  
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы  
ХАТТАМА №1

22 желтоқсан, 2023 жыл

Қатысқаны: ҚК мүшелері, мектеп әкімшілігі және класс жетекшілер, 1-11 класс ата-аналары

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2024 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығына білім мекемесінің штаттық кестесі мен педагогикалық қызметкерлердің тарифтік кестесін бекітуге келісу
3. 2024 жылға аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру туралы

Тыңдалды:

2023-2024 оқу жылының оқу- тәрбие процесін нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, Ақтөбе ҚББ- мен бекітілген білім алушылармен , оның ішінде 729 білім алушы мен 31 класс комплект және МАД- тың 2 тобында 61 тәрбиеленушіні қамтыдық. Педагог мамандарды қамти отырып, оқу- тәрбие процесін ұйымдастыру үшін әкімшілік қызмет міндеттері жүктеліп, сәйкесінше еңбекақы төленіп отырғандығын атап өтті.

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша:

ҚК мүшелерінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары назарға ұсынылды. Кеңес мүшелері жұмыс жоспарларын назарға ұсына отырып, баса назар аударатын мәселелерге де ашық тоқталып өтті. Кеңес мүшелерінің талқысына ұсынды.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша мектеп директоры А. Абжалелова:

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша элеуметтік педагог А. Курбанова сөз алып, мектеп бойынша элеуметтік көмек жұмыстарына тоқталып өтті. Жыл басынан 1-4 бастауыш сыныптары ыстық тамақпен қамтылып отыр. Қыркүйек айында 2929491 теңге, қазан айында 3111966 теңге, қараша айында 3054684 теңге жеке жалдамашыға аударылды. Яғни, қыркүйек айы бойынша бастауыш сынып 5957 оқушы, қазан айы бойынша 5697 оқушы, қараша айында 5587 оқушы тамақтанды. Комиссия жұмысы асхана жұмысын тексеруге, бақылауға арналған арнайы топ. Комиссия тобы 6 адамнан құралған, оның құрамында ата-аналар да қамтылған. Бракераждық топ айына екі рет асхана жұмыстарын тексереді. Мектебіміздің еріктілер тобы «Қараша – қамқорлық айы» акциясы аясында бір отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетті. Сонымен қатар ата-аналардың және мектеп ұстаздарының қолдауымен 20 оқушыға киім-кешекпен (аяқ киім, сырт киім) көмек көрсетілді.

ХалықБанк» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының директорының жаңа жылдық сыйлығына мектебімізден 5 оқушы ұсынылды;

Президенттік шыршаға 1 оқушы іріктеуден өтіп, ұсынылды;

Қала әкімінің шыршасына 1 оқушы;

Астана ауданы әкімдігінің ұйымдастырған шыршасына 25 оқушы, Астана ауданы әкімінің жаңа жылдық сыйлығына 10 оқушы ұсынылды. «Аманат» партиясы атынан үйде оқыталатын 1 оқушыға жаңа жылдық сыйлық табысталды. Желтоқсан айында мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен аз қамтылған отбасыдан шыққан 3 оқушыға қыстық куртка, қыстық аяқ киім алып берілді.


















**ШЕШІМ :**

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2024 күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспары назарға алынсын.

2. 2023-2024 оқу жылының II жарты жылдығына білім мекемесінің штаттық кестесі мен педагогикалық қызметкерлердің тарифтік кестесі мақұлданды.

3. 2024 жылға аз қамтылған отбасы балаларына көрсетілген көмек жұмыстары қанағаттанарлық деп бағаланды.

«Қамқоршылық кеңес» төрағасы:  
Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	М. Туленгалиева
	А. Абдуллаев
	А. Серік
	Д. Өтемісов
	А.Ергабылова
	А. Карагулова
	А. Медетбаева
	Ж. Бижанова
	Д. Амантаева
	М.Көшербаев
	Т. Ерубаева
	Т. Рысқалиев
	И. Хасанғалиева
	Г. Кузбаева
	А. Умарова
	А. Уразалина
	Л. Куанғалиева

«№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-сі бойынша  
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы  
ХАТТАМА №2

29 сәуір, 2024 жыл

Қатысқаны: ҚК мүшелері, мектеп әкімшілігі және класс жетекшілер, 1-11 класс ата-аналары

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы жайлы, назар аударарлық мәселелер
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысының барысы
3. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы жайы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Сырашова сөз алып, 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы жайлы, назар аударарлық мәселелерге тоқталды. Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда **34 апта**.

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім деңгейінде оқу жылының соңында қазақ тілінен емтиханды енгізу (**27-30 мамыр аралығы**)

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2024 жылы 25 мамырда аяқталады. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығында өткізіледі. 11 сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары- 2024 жылғы 28 мамыр-11 маусым аралығында өткізіледі. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

1. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан -2024 жылғы 28 мамыр
  2. алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 31 мамыр
  3. Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым
  4. орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен жазбаша емтихан- 2024 жылғы 7 маусым
- ✓ Таңдау пән – 2024 жылғы 11 маусым  
2024-2025 оқу жылына

1 сыныпқа оқушылар қабылдау

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Рахметова :

«Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» атты білім қызметкерлерінің тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру ұйымдарында «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» білім берудің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатқанын атап өтті. «Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» атты білім қызметкерлерінің тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру ұйымдарында «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» білім берудің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатқанын атап өтті. – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

### **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

### **Орталық қызметінің принциптері:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.

3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша аға тәлімгер Б. Көздібаева :


















Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады. Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтылатындығын атап өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері назарына оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жұмыстарын ұсына отырып, кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмысының ұйымдастырылу деңгейі қанағаттанарлық деп танылып, аталған мәселелерге баса назар аударылсын.
2. Ата- аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары жандандырылсын.
3. Оқушылардың өзін- өзі басқару жұмыстары күшейтілсін.

«Қамқоршылық кеңес» төрағасы:  
Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	М. Туленгалиева
	А. Абдуллаев
	А. Серік
	Д. Өтемісов
	А.Ерғабылова
	А. Карагулова
	А. Медетбаева
	Ж. Бижанова
	Д. Амантаева
	М.Көшербаев
	Т. Ерубаева
	Т. Рыскалиев
	И. Хасанғалиева
	Г. Кузбаева
	А. Умарова
	А. Уразалина
	Л. Куангалиева